

1988 жылы — ЗРС 9К81 «С-300В» (9К81М «С-300ВМ» — 1990 ж)

Әрбір жарылыстың қуаты 20-30 килотоннаға жететін болған. Еліміз егемендік алғаннан кейін 1999 жылы маусым айынан бастап желтоқсанға дейін «Капустин Яр» (4 ГЦМП) (Ресей, Астрахань обласы) толығымен көшірілді. Осы сынақтардың қалған зардабы Мұғалжар тауының табиғатына осы уақытқа дейін тигізіп жатқаны белгілі. Бүлінген табиғатты қайта қалпына келтіру мүмкін емес. Алдағы уақытта осы жіберген қателіктерді түсініп, қорғау шаралары ұйымдастырылып, биоалуантүрлілігі сақталуын қамтамасыз ету, Мұғалжар тауларының етегінде ұсақ тас өндірумен айналысатын бірнеше шағын кәсіпорындардың экологиялық нормаларды орындауын қадағалу қажет. Туған елдің табиғатын қорғауға әр адамзат өз үлесін қосса, болашақ ұрпаққа көрсетер үлгісі болар еді. Ата бабамыздың қалдырған аманатына қиянат жасамау ұрпақ міндеті деп бағалайық..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Казарчук М.К., Сергеева А.М., Абдуллина А.Г. Ақтөбе облысының географиясы. // Ақтөбе. АМПУ -2012. -318.б
2. Дохман Г.И. Растительность Мугоджар. // Москва, Изд-во географической литературы, 1954. – 236с.
3. Иванов В.В. Реликтовые рощи Южных Мугоджар. / Известия Всесоюзного географического общества. 1969. – 20 -21с
4. «Красна книга Казахской ССР». //Алма-Ата, Наука, 1981 –Ч.2:Растения. -262 с
5. Байтенов М.С. «В мире редких растений». // Алма-Ата, Наука 1985. – 176 с
6. Айпеисова С.А. «Конспект флоры Актюбинского флористического округа». // Ақтөбе, ИП Жанадилов С.Т.,2012. - 175с
7. Айпеисова С.А. «Эндемизм флоры Актюбинского флористического округа» /Известия НАН РК.серия биологическая и медицинская. - 2012. №2 (290). –15-20 с.

ҒТАМР 34.01.45

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Ж.А. КАРЕНЕЕВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан,
Ақтөбе*

Андатпа: Соңғы уақытта коронавирус әлемдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени ахуалды түбегейлі өзгертіп жатыр. Әрине, еліміздегі COVID-19 коронавирусының әсерінен туындаған карантин жағдайлары білім беру жүйесінің жаппай қашықтықтан оқыту үдерісіне алып келіп, әсіресе, жоғарғы оқу орындарында көп өзгерістер туындатты. Бұл жағдай білім алушылардың, олармен қатар оқытушылардың да үй жағдайында қашықтықтан білім алуына немесе білім беруіне заманауи цифрлік технологияларды, атап айтқанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жоғары дәрежеде тез әрі жақсы меңгеруіне әсер етті. Осылайша оқу үрдісінің виртуалды жағдайға ауысуы білім беру жүйесінде болашақта көптеген жақсы жақтағы өзгерістерге алып келуі мүмкін.

Осы жағдайды ескере отырып, карантин уақыты енгізілгенге дейінгі күндізгі оқу және карантин уақытындағы қашықтықтан оқыту ерекшеліктерін ЖОО студенттерінің білім деңгейлеріне салыстырмалы түрде талдау жүргізе отырып, тұжырымдамалар жасау қазіргі таңда өзекті болып табылады.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, компьютерлік оқыту, білім беру жүйесіндегі заманауи цифрлік технологиялар.

Аннотация: В последнее время коронавирус кардинально меняет политическую, экономическую, социальную, культурную ситуацию в мире. Конечно, карантинные случаи, вызванные воздействием коронавируса COVID-19 в стране, привели к массовому дистанционному обучению системы образования, особенно в вузах. Данная ситуация способствовала быстрому и хорошему освоению современных цифровых технологий, в частности информационно-коммуникационных технологий, дистанционного обучения в домашних условиях как обучающихся, так и преподавателей. Таким образом, переход учебного процесса в виртуальному может привести к многочисленным позитивным изменениям в системе образования в будущем.

С учетом этого положения, в настоящее время актуальным является разработка концепций с проведением сравнительного анализа уровней знаний студентов вузов особенностей дистанционного обучения в период очного обучения и карантина до введения карантинного времени.

Ключевые слова: дистанционное обучение, компьютерное обучение, современные цифровые технологии в системе образования.

Abstract: Recently, the coronavirus has dramatically changed the political, economic, social, and cultural situation in the world. Of course, quarantine cases caused by exposure to the COVID-19 coronavirus in the country have led to mass distance learning of the education system, especially in universities. This situation has contributed to the rapid and good development of modern digital technologies, in particular information and communication technologies, distance learning at home for both students and teachers. Thus, the transition of the educational process to a virtual one can lead to many positive changes in the education system in the future.

Taking this into account, it is currently relevant to develop concepts with a comparative analysis of the level of knowledge of University students of the features of distance learning during full-time training and quarantine before the introduction of quarantine time.

Keywords: distance learning, computer training, modern digital technologies in the education system.


Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуға қызығушылық артып келе жатқаны белгілі. Бұл орайда қашықтықтан оқытуда пайдаланылуы мүмкін практиканың көптеген жақсы принциптері бар. Тиісті практиканың бұл ұстанымдарын келесідей бөлуге болады, атап айтқанда: студенттер мен оқытушылар арасындағы

байланысты жақсартады; студенттер арасындағы ынтымақтастықты жақсартады; белсенді оқытуды көтермелейді; жылдам кері байланыс беруге мүмкіндік туады; үлгерімі үздік студенттер туралы хабарлайды; тапсырмаға кететін уақытты белгілеу мүмкіндігін және оқытудың әр түрлі жетістіктері мен тәсілдерін көрсетеді[1].

Онлайн-жүйеде оқытушыларға студенттерді оқыту үшін үлкен кеңістік қажет емес, қажетті жабдықтары бар шағын бөлме жеткілікті, осылайша білім беру үшін уақыт пен қашықтықты айтарлықтай үнемдеуге болады[2].


Онлайн-оқыту білім алушының болашағы үшін өмірлік маңызды дағдыларды одан әрі дамытуға айтарлықтай үлес қосып, қарапайым және ыңғайлы етеді, әсіресе елімізде туындаған соңғы карантиндік жағдайларға байланысты онлайн оқыту білім алушылар үшін аса маңызды рөл ойнайды[3].

Осы мәселелерді қарастыра отырып, оқытушы ретінде келесі салыстырма зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Ағымдағы оқу жылының 2-семестріндегі оқу үрдісі кезінде I аралық оқу ағымы қалыпты күндізгі оқу тәртібінде жүріп, ал II аралық оқу үрдісі қашықтықтан оқыту технологиясына сәйкес жүргізілгені белгілі. Осы жағдайды ескере отырып, бірнеше топқа практикалық сабақ өткізу барысында келесі зерттеулерді жүргізіп, нәтижелерге қол жеткіздім:




Сурет 1 - «Микроорганизмдер биотехнологиясы» практикалық сабағын оқудағы БҚБ-203 топ студенттерінің I және II аралық бақылау (АБ1, АБ2) нәтижелері

1-суретте көрініп тұрғандай, 2 аралық бақылау барысында студенттердің білім сапасы бірінші аралық бақылауға қарағанда біршама жоғары екендігі анықталды. Атап айтсақ, бірінші аралық бақылауда топтың жалпы сапа көрсеткіші 85,25%-ды құраса, екінші аралық бақылауда 88,3%-ды құрап, көрсеткіш 3,05%-ға артты. Дәл осындай сараптау жұмысын тағы екі топқа жүргіздім:



Сурет 2 – БРО-308 тобының кәсіби бағытталған шетел тілі пәнінен I және II аралық бақылаулары бойынша сапа көрсеткіші

Бұл жағдайда да қалыпты күндізгі оқу жағдайымен (79,7%) салыстырғанда қашықтықтан оқыту сапасы (84,2%) жалпы алғанда 4,5%-ға артты. Және тағы 6B05102–«Биотехнология» мамандығының БТк-109 топ студенттеріне сараптама жүргізіліп, нәтиже алдыңғы көрсеткіштердегідей алынды.




Сурет 3 – БТк-109 тобы студенттерінің I және II аралық бақылаудағы (АБ) жинаған балл көрсеткіштері

Сурет 3-те көрсетілгендей, I (күндізгі) аралық бақылауда білім сапасы 84,2%-ды құраса, қашықтықтан оқу нәтижесіндегі II аралық бақылауда 89,3%-ды құрап, білім сапасы 4,1%-ға артты[4].

Бұл нәтижелерге айтарлықтай тұжырымдама жасамас бұрын БҚБ-203 топ студенттерінің ағымдағы оқу жылының 1-семестріндегі жүргізілген «Биотехнология

негіздері» пәнінен II аралық бақылау нәтижелерімен, яғни екі семестрдегі II аралық бақылау нәтижелерін салыстыра отырып, студенттердің күндізгі және қашықтықтағы білім алуының сапа деңгейін салыстыруға шешім қабылдадым.



Сурет 3 – БҚО-203 тобының екі семестрдегі II аралық бақылау нәтижелері бойынша талдау

Бұл талдау нәтижелерінде топ студенттерінің екінші семестр аралық бақылауының (қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша) сапа көрсеткіші бірінші семестрден басқа нәтижелермен салыстырғанда төмен екендігі анықталды. Атап айтсақ, бірінші семестрде жалпы сапа көрсеткіші 86,2%-ды құраса, II семестрде 85,5%-ды құрап, 0,7%-ға кем екендігі анықталды.

Яғни, бұл көрсеткіштер қашықтықтан оқу барысында білім алушылардың уақытты тиімді пайдалана алуын, білім алуға құштарлығының артып, жауапкершілігінің арта түскендігін де білдіреді. Әсіресе, топтағы мінез темпераменті шамамен флегматик немесе меланхолик болып табылатын студенттермен онлайн түрде жеке жұмыс жасау олардың білімге деген ынтасының ашылып, университет қабырғасында, топ ішінде көріне бермейтін белсенділігінің артқандығын көрсетті. Сонда да болса, соңғы суреттегі көрсеткіш топтардағы қашықтықтан оқыту технологиясына әлі де дайындықтың қажеттілігін көрсетеді[3,5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Baldwin SJ, Jesús T. Evaluation instruments and good practices in online education. Online Learning. 2017, 19 p.
2. Иванова, Е.О. Теория обучения в информационном обществе / Е.О.Иванова, И.М.Осмоловская. - М.: Просвещение, 2011. - 190 с.

3. Егенисова А.Қ. Психология: Оқу құралы. А.Қ.Егенисова -Ақтау, 2010. - 185 б.
4. Полат, Е.С. Современные и педагогические технологии в системе образования: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина. - М.: ИЦ "Академия", 2010. -368с.
5. Анисимов, А.М. Работа в системе дистанционного обучения Moodle: учеб. пособие / А.М. Анисимов. - Харьков: ХНАГХ, 2009. - 292 с.

ҒТАМР 34.27.01

***LENTINUS EDODES* БАЗИДИАЛЬДЫ САҢЫРАУҚҰЛАҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

А.К.КАЛИЕВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа.Мақалада *Lentinus edodes* – функциональды және емдік құрылымдарға ие саңырауқұлақ өкілі каралады. Жоғары сатыдағы базидиалды саңырауқұлақтар құрамында дәрумендер, микроэлементтер, көмірсулық, липидтік және фенолдық табиғаты бірегей биологиялық белсенді заттардың, сонымен қатар терпеноидтар, стероидтер, фенолдар, алкалоидтар, лектиндер, эргостеролдар сияқты адам ағзасы үшін маңызы бар қосылыстардың болуына байланысты, қазіргі заманауи биотехнологияның болашағы зор нысаны болып табылады. Олар иммуномодуляциялық, микробқа қарсы, ісіктік құрылымдарға қарсы қасиеттерге ие және қан қысымы мен қандағы липидтердің концентрациясын төмендетеді.

Түйінді сөздер: базидиомицеттер, *Lentinus edodes*, биологиялық белсенді, полисахаридтер, май қышқылдары.

Аннотация. *Lentinus edodes* - это гриб, обладающий лечебными и функциональными свойствами. Высшие базидиальные грибы являются перспективными объектами современной биотехнологии, поскольку содержат уникальный комплекс биологически активных веществ углеводной, липидной и фенольной природы, витамины, микроэлементы и другие жизненно важные для человеческого организма соединения, включая терпеноиды, стероиды, фенолы, алкалоиды, лектины, эргостеролы. Они обладают иммуномодулирующими, антимикробными и противораковыми свойствами, понижают кровяное давление и концентрацию липидов в крови.

Ключевые слова: базидиомицеты, *Lentinus edodes*, биологически активные, полисахариды, жирные кислоты.

Annotation. *Lentinus edodes* is a mushroom that shows medicinal and functional properties. Higher basidiomycetes are promising objects of modern biotechnology, as they contain various bioactive compounds of carbohydrate, lipid and phenolic nature, vitamins, trace elements and other compounds that are vital for the human body including terpenoids, steroids, phenols, alkaloids, lectins, ergosterols. They modulate the immune system, lower blood pressure and blood lipid concentrations, inhibit tumors and microbial action.

Keywords: basidiomycetes, *Lentinus edodes*, bioactive compounds, polysaccharides, fatty acid